


19
НАУРЫЗ
МАРТА
2023

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПАРЛАМЕНТИ МӘЖІЛІСІНІҢ
ЖӘНЕ МӘСЛИХАТТАРЫНЫҢ ДЕПУТАТТАРЫН
САЙЛАУ

ӨЗ ТАҢДАУЫҢДЫ
ЖАСА!



МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ПРЕМЬЕР-МИНИСТР ӘЛИХАН СМАЙЛОВТЫ ҚАБЫЛДАДЫ

Президентке әлеуметтік-экономикалық дамуы және 2023 жылға арналған параметрлерін нақтылау мәселелері баяндалды.

Қасым-Жомарт Тоқаевқа әлемдік экономиканың өсіміне қатысты болжамдардың, сондай-ақ осы жылға арналған макроэкономикалық көрсеткіштердің бұған дейін мақұлданған деңгейде сақталып отырғаны жөнінде мәлімет берілді. Қазақстанның ЖІӨ-нің нақты өсімі 4 пайыз, ал мұнай бағасы барреліне 85 доллар болады деп жоспарланып отыр.

Премьер-Министрдің айтуынша, бюджет шығыстарын ішкі қайта бөлу және бюджет түсімдерін арттыру есебінен 2,2 триллион теңгені нақтылау жоспарланып отыр. Осы ретте шағын және моноқалаларды дамытуға, «Ауыл – ел бесігі» жобасын іске асыруға, елді мекендерді газбен қамтамасыз етуге, жылуден қамту жүйелерін

салуға және реконструкциялауға, азық-түлік қауіпсіздігін сақтауға, сондай-ақ ауыл халқын жаппай жұмыспен қамту үшін жағдай жасауға қосымша қаржы бөлу көзделген.

Көлік инфрақұрылымы мен логистика саласын дамыту үшін жолдар салуға және реконструкциялауға қаржы бөлу, пойыздарды жаңарту, жолаушылар вагондарын сатып алу жоспарланған. Сонымен қатар өңдеу өнеркәсібіндегі ірі жобаларға, елдің қорғаныс қабілеті мен қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін армияны жаңғыртуға және әскери қызмет жағдайын жақсартуға қосымша қаражат бөлу көзделіп отыр.

Кездесу соңында Президент елдің дамуына әлеуметтік-экономикалық тұрғыда барынша оң ықпал ету мақсатында бюджет қаражатының жұмсалыуына бақылауды күшейтудің маңыздылығын атап өтті.

akorda.kz

ОБЛЫС ӘКІМІ КЕЛДІ



АКИМ ОБЛАСТИ ЖЕТІСУ ПРОВЕЛ ПРИЕМ ГРАЖДАН РАЙОНА ПО ЛИЧНЫМ ВОПРОСАМ



На этой неделе аким области Бейбит Исабаев провел прием граждан по личным вопросам, посетил Ескельдинский район, посетил пресс-служба акима области Жетысу.

За содействием в решении проблем к Бейбиту Исабаеву обратилось 7 местных жителей.

Обращения к главе региона касались модернизации поливных каналов, оказания социальной помощи и в основном проблем жилищно-коммунальной сферы.

Так, жительница с.Карабулак Татьяна Сизикова пожаловалась, что по улице Суворова, где она проживает, вечерами наблюдаются частые отключения и перебои с электричеством, наблюдается нехватка напряжения, причем эта проблема не одного года.

Как стало известно, эти дома, а их на указанной улице 140, находятся неподалеку от железной дороги, при чем электросети бесхозные. Передать их на баланс района нет возможности, так как нет никаких документов, при этом они давно устарели. Поэтому решит проблему только новое строительство, после чего электросети будут переданы на баланс ТАТЭК для дальнейшего обслуживания. Требуется порядка 100 млн. тенге. Общая протяженность необходимых электросетей – 5,3 км.

Аким области отметил, что средства будут выделены и поддержка оказана, а пока поручено подать бюджетную заявку на разработку проектно-сметной документации.

Будет решена и проблема нехватки поливной воды, которую поднял житель села Сырымбет Кайрат Кай-

саров. По его словам, арычные сети, по которым вода подается самотеком начинаются на территории г.Текели, а из-за засоренности арычной сети вода практически не доходит до садов и огородов села.

По данным областного управления сельского хозяйства, арычные сети проходят по территории и Ескельдинского района, и города Текели. Это 4,8 км и 5,9 км соответственно. В 2020 году выделено 19,1 млн. тенге на разработку ПСД, по итогам конкурса определена компания-подрядчик. Ожидается, что в июле ПСД будет полностью готова, затем будет подана заявка на разработку СМР. Проект переходящий.

Аким области поручил завершить все ремонтно-строительные работы до начала вегетативного периода следующего года, то есть примерно в апреле-мае 2024 года. В рамках проекта будет проведена мехочистка, проложены лотковые каналы, установлены шлюзы, что позволит

Бүгін Жетісу облыс әкімі Бейбіт Исабаев жұмыс сапарымен Ескелді ауданына келді. Аудан тұрғындарын жеке мәселелерімен қабылдады.

Содан кейін Аудан жұртшылығымен аудандық мәдениет үйінде кездесу өткізді. Халық үніне құлақ салып, айтылған мәселелерге нақты жауабын берді. Кездесуге Шымыр, Ақын Сара, Қайнарлы, Жалғызбағаш ауылдарынан келген азаматтар өз ойларын ортаға салып, сұрақтарын қойып, оң шешімін тапты.

Облыс басшысының осыдан төрт ай бұрынғы келген іс-сапарында негізге алынған халық тапсырмаларының шешімі шешіліп, іске асырылғандығы айтылды.

ЖШ ақпарат



ТАҒАМНАН УЛАНУДЫҢ АЛДЫН АЛУ

Өткен апта да Ескелді ауданы Қарабұлақ ауылы Кәсіпкерлік палатасында аудандық санитарлық-эпидемиологиялық қызмет бөлімінің мамандарымен ұйымдастырылған «Тағамнан уланудың алдын алу!» атты шара өтті. Шараға шағын кәсіпкерлер қатысты.

Бұл кездесуде бөлім бастығы Самат Жанабайұлы, бас маман Тынысбек Сапарұлы өз баяндамаларын оқып, шағын кәсіпкерлердің сұрақтарына жауап берді. Аталмыш шара мақсаты тағамнан улану процесін болдырмау және алдын алу.

ЖШ Ақпарат



**ЖЕТИСУ ОБЛЫСЫ
ЕСКЕЛДІ АУДАНЫ
№1 САЙЛАУ ОКРУГІНЕН
АУДАНДЫҚ МӘСЛИХАТ
ДЕПУТАТТЫҒЫНА ҮМІТКЕР
Ауылдың жағдайын
өркендетеміз!**



**ИМАНҒАЛИЕВ ТӨЛЕГЕН
ӘДІЛБЕКҰЛЫ**

АУДАНЫҒЫ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

-ауылда әлеуметтік нысандардың тозығы жетуі;
-ауыларалық сапасыз жолдар;
-шағын және орта бизнестің тұралауы;
-ауылшаруашылық техникаларының тозуы.
ҮМІТКЕРДІҢ САЙЛАУ АЛДЫНДАҒЫ УӘДЕЛЕРІ
-Қайнарлы ауылында 2025 жылға дейін спорт алаңын жайластыруға атсалысамын;
-Қайнарлы және Көкжазық ауылдарындағы автомобиль жолдары жөндеу жұмыстарына ықпал етемін;
-«Ауыл аманаты» жоба аясында 2,5 пайыздық несиеге берілуіне атсалысамын;
-Ауылшаруашылық техникаларын лизингке алуға жәрдем етемін;
-Қайнарлы және Көкжазық ауылдарындағы еріктілер клубтарын құру арқылы еріктілер қозғалысын дамытамын.

1966 жылы 4 маусымда Шығыс Қазақстанда, Зайсан ауданы, Даирова аулында дүниеге келген. Алматы ауыл шаруашылығы институтының инженер – механик мамандығын үздік бітірген. «Иманғалиев» шаруа қожалығының басшысы.

САЙЛАУАЛДЫ БАҒДАРЛАМАСЫ
19 наурыз сайлауға кел!
Өз таңдауыңды жаса!

**ЖЕТИСУ ОБЛЫСЫ
ЕСКЕЛДІ АУДАНЫ
№2 САЙЛАУ ОКРУГІНЕН
АУДАНДЫҚ МӘСЛИХАТ
ДЕПУТАТТЫҒЫНА ҮМІТКЕР
Әр үйдің берекесін
арттырамыз!**



**ЧУКЕНОВ
СЕРІК БОЛАТБЕКҰЛЫ**

АУДАНЫҒЫ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

-Ауыларалық сапасыз жолдар;
-Ауыл инфроқұрылымының тозығы жетуі;
-Ауыл тұрғындарын көгілдір отынмен қамту;
-Электр желілерінің тозуы;
-Ауыл жастарының жұмыссыздығы;
-Ауылда өрт сөндіру бекетінің жоқтығы.
ҮМІТКЕРДІҢ САЙЛАУ АЛДЫНДАҒЫ УӘДЕЛЕРІ
-Қаратал, Теректі, Сырымбет ауылдарының ішіндегі жолдарды жөндеуге атсалысамын;
-Теректі ауылына кіреберіс жолдарды жөндеуге ықпал етемін;
-Елді мекендердің газ тарату желілерін салуына ықпал етемін;
-Ауылдардың елді мекендерінде түнгі көшелерді жарықтандырудың коммуналдық электр желілерін жаңғыртуына атсалысамын;
-Жыл сайын жастарды жұмысқа орналастыру, және «Жасыл Ел» еңбек жасақтарын ұйымдастыруға атсалысамын;
-Қаратал ауылында өрт сөндіру бекетін салуға ықпал етемін.
1975 жылы 21 қыркүйекте Жетісу облысы, Ескелді ауданы, Қарабұлақ ауылында дүниеге келген. Көксу ауылшаруашылық колледжінің агрономия факультетін бітірген. «Чуқенов» шаруа қожалығының басшысы.

САЙЛАУАЛДЫ БАҒДАРЛАМАСЫ
19 наурыз сайлауға кел!
Өз таңдауыңды жаса!

**ЖЕТИСУ ОБЛЫСЫ
ЕСКЕЛДІ АУДАНЫ
№3 САЙЛАУ ОКРУГІНЕН
АУДАНДЫҚ МӘСЛИХАТ
ДЕПУТАТТЫҒЫНА ҮМІТКЕР
Ауыл мекендерді көркейтеміз,
халықтың әлеуметтік
тұрмысын жақсартамыз!**



**САТАНОВ
ҚАНАТ НҮСІПЖАНҰЛЫ**

АУДАНЫҒЫ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

-Ауыл арасындағы автомобиль жолдарының тозуы;
-Медициналық нысандардың тозуы;
-Ауылдарға табиғи газ жүйесінің жоқтығы;
-Ауыл тұрғындарының көгілдір отынға қол жетімдігі;
-Абай ауылында түнгі жарық шамдарының жоқтығы.
ҮМІТКЕРДІҢ САЙЛАУ АЛДЫНДАҒЫ УӘДЕЛЕРІ
-Жетісу, Абай, Жалғызғаш, Биғаш ауылдарының ішкі жолдарын жөндеу жұмыстарына атсалысамын;
-Жетісу ауылындағы медициналық пунктін күрделі жөндеуден өткізуге, шалғай елді мекендерге замануи талаптарға сай модульді құрамалы медициналық пункт салынуына атсалысамын;
-Ауылдарда табиғи газ жүйесінің қосылуына ықпал етемін;
-Абай ауылына түнгі жарық шамдардың орнатуына атсалысамын.
1964 жылы 25 қарашада Жетісу ауылы, Талдықорған ауданы, Талдықорған облысында дүниеге келген. Қазақтың Еңбек Қызыл Ту орденді ауыл шаруашылық институтын ғылыми агроном мамандығы бойынша үздік бітірген. Ескелді аудандық мәслихаттың хатшысы.

САЙЛАУАЛДЫ БАҒДАРЛАМАСЫ
19 наурыз сайлауға кел!
Өз таңдауыңды жаса!

**ЖЕТИСУ ОБЛЫСЫ ЕСКЕЛДІ АУДАНЫ
№4 САЙЛАУ ОКРУГІНЕН
АУДАНДЫҚ МӘСЛИХАТ ДЕПУТАТТЫҒЫНА ҮМІТКЕР
Мемлекет іргесін нығайтамыз!**



**БАЯХАН АЙДЫН
ЫҚЫЛАСҰЛЫ**

АУДАНЫҒЫ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

-медициналық ғимараттарының тозуы;
-ауыл арасындағы автомобиль жолдарының тозуы;
-жастар арасындағы жұмыссыздық;
-ауыл инфроқұрылымының тозығы жетуі;
ҮМІТКЕРДІҢ САЙЛАУ АЛДЫНДАҒЫ УӘДЕЛЕРІ
-2025 жылға дейін Алдабергенов ауылында медициналық мекемеге күрделі жөндеу жүргізілуіне ықпал етемін;
-Алдабергенов және Жаңалық ауылдарындағы автомобиль жолдарын жөндеуге ықпал етемін;
-5 инвестициялық жобаны іске асыру есебінен 120 жұмыс орнының ашылуына септесемін;
-Алдабергенов және Жаңалық ауылындағы газ және су тартуға ықпал етемін.

1985 жылы 31 қантарда Жетісу облысы, Ескелді ауданы, Қарабұлақ ауылында дүниеге келген. І.Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университетінің дене шынықтыру және спорт факультетін бітірген. «AMANAT» партиясы Ескелді аудандық филиалының төрағасы.

САЙЛАУАЛДЫ БАҒДАРЛАМАСЫ
19 наурыз сайлауға кел! Өз таңдауыңды жаса!

**МЕДИЦИНАЛЫҚ САҚТАНДЫРУ
ҚОРЫНЫҢ ЖЕТИСУ ОБЛЫСЫ
БОЙЫНША ФИЛИАЛЫ ТЖД
ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІМЕН КЕЗДЕСТІ**

«Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры» КЕАҚ Жетісу облысы бойынша филиалы өңірдің төтенше жағдайлар департаментінде кездесу өткізді. ТЖД қызметкерлеріне МӘМС туралы Заңы және ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің әскери қызметшілердің, арнаулы мемлекеттік және құқық қорғау органдары қызметкерлерінің отбасы мүшелерін, сондай-ақ олардың асырауындағы азаматтарды жұмыссыздар ретінде тіркеу және есептен шығару қағидалары мен жағдайларын бекіту туралы № 320 бұйрығы түсіндірілді.

МӘМС туралы Заңның 26-бабының 1-тармағына сәйкес 15 жеңілдік санатындағы азаматтардан бөлек, жарна төлеуден босатылған санат бар екені барына белгілі. Оларға әскери қызметшілер, арнаулы мемлекеттік органдардың қызметкерлері және құқық қорғау органдарының қызметкерлері жатады. Бұл МӘМС туралы Заңның 28-бабының 7-тармағымен бекітілген.

МӘМС жүйесіндегі жоғарыда аталған барлық органдардың қызметкерлері «сақтандырылған» мәртебесіне ие. Оларға ТМҚК және МӘМС шеңберінде медициналық қызметтердің толық көлемі қолжетімді.

Сондай-ақ, Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің № 320 бұйрығына сәйкес әскери қызметшілердің, арнаулы мемлекеттік, құқық қорғау органдарының қызметкерлерінің жұмыссыз отбасы мүшелері МӘМС жүйесінде «сақтандырылған» мәртебесін ала алатынын атап өту маңызды.

«Бізге сақтандыру мәртебесі жоқ әскери қызметшілер, өрт сөндірушілер және учаскелік инспекторлар сұрақтармен жүгінетін жағдайлар жиі кездеседі. Олардың деректерін арнайы ақпараттық жүйеге енгізу үшін олар жұмыс орны бойынша кадр қызметіне жүгінуі қажет. Сондай-ақ олардың жұмыс жасамайтын жұбайлары, ата-аналары, 18 жастан асқан балалары «сақтандырылған» мәртебесін алу үшін «Сақтандыру» ақпараттық жүйесіндегі деректерді кадр қызметі өзектендіре алады», - дейді Қор филиалының директоры Гүлзия Таипова.

Кездесу қорытындысы бойынша ТЖД қызметкерлеріне өз қызметкерлерінің және олардың жақын туыстарының деректерін ведомстволық бағынысты ақпараттық жүйелерге енгізу бойынша жұмысты бақылауға алу ұсынылды.

«Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры»
КЕАҚ Жетісу облысы бойынша филиалы

**ЖЕТИСУ ОБЛЫСЫ
ЕСКЕЛДІ АУДАНЫ
№4 САЙЛАУ ОКРУГІНЕН
ОБЛЫСТЫҚ МӘСЛИХАТ
ДЕПУТАТТЫҒЫНА ҮМІТКЕР
Жетістіктерге бірге жетеміз!
ОСПАНОВ
ЖАНАТ ТӘҢІРБЕРГЕНҰЛЫ**



АУДАНЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

- шағын және орта бизнестің тұралауы;
- аудан жастарының жұмыссыздығы;
- аудан мектептеріне заманауи құралдардың жетіспеушілігі;

-аудан инфроқұрылымының тозығы жетуі;

-аудан азаматтарының жұмыссыздығы;

ҮМІТКЕРДІң САЙЛАУ АЛДЫНДАҒЫ УӘДЕЛЕРІ

-ауыл тұрғындарына «ауыл аманаты» жоба аясында 2,5 пайыздық несиеге берілуіне атсалысамын;

-Қарабұлақ ауылында жастар жұмыссыздығының 2,5% - ға қысқартуға ықпал етемін;

-2025 жылға дейін Ескелді ауданындағы барлық негізгі мектептің (химия, биология, физика) пәндерінің кабинеттерін робототехника, модификация сыныптарымен жабдықтауға атсалысамын;

-Қарабұлақ ауылында 5 инвестициялық жобаның аясында 120 жұмыс орнын құруға атсалысамын;

-Ескелді ауылдың барлық ауылдың тұрғындарын сумен, газбен, жол жөндеу, көшелерді жарықтандыру жұмыстарына ықпал етемін.

1968 жылы 12 желтоқсанда Талдықорған облысы, Гвардия ауданы, Аралтөбе ауылында дүниеге келген. Талдықорған педагогикалық институтында бастапқы әскери дайындық мамандығы бойынша бітірген. «Бақтыбай» орта мектебінің директоры.

**САЙЛАУАЛДЫ БАҒДАРЛАМАСЫ
19 наурыз сайлауға кел!
Өз таңдауыңды жаса!**

**ЖЕТИСУ ОБЛЫСЫ
ЕСКЕЛДІ АУДАНЫ
№5 САЙЛАУ ОКРУГІНЕН
АУДАНДЫҚ МӘСЛИХАТ
ДЕПУТАТТЫҒЫНА ҮМІТКЕР
Кәсіпкерлікті күшейтуге
күш саламыз!**



**ДЮСЕНБИНОВ АЙДЫН
ҚАСЫМҰЛЫ**

АУДАНЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

-Ауыл арасындағы автомобиль жолдарының тозуы;

-Ауылда өрт сөндіру бекетінің жоқтығы;

-Ауылшаруашылық техникаларының тозуы;

-Жеке шаруа қожалықтарына дизель отынының жетіспеушілігі.

ҮМІТКЕРДІң САЙЛАУ АЛДЫНДАҒЫ УӘДЕЛЕРІ

-Бақтыбай ауылындағы автомобиль жолдарын жөндеу жұмыстарына ықпал етемін;

-Бақтыбай ауылында өрт сөндіру бекетін құруға атсалысамын;

-Ауылшаруашылық техникаларын лизингке алуға жәрдем етемін;

-Жеке шаруа қожалықтарына төмендетілген бағамен дизель отынын, субсидия алуға ықпал етемін.

1975 жылы 23 қаңтарда Жетісу облысы, Ескелді ауданы, Бақтыбай ауылында дүниеге келген. Әл-Фараби атындағы қазақ ұлттық университетінде дене шынықтыру және спорт факультетін бітірген.

«Дюсенбинов» шаруа қожалығының басшысы.

**САЙЛАУАЛДЫ БАҒДАРЛАМАСЫ
19 наурыз сайлауға кел!
Өз таңдауыңды жаса!**

**ЖЕТИСУ ОБЛЫСЫ
ЕСКЕЛДІ АУДАНЫ
№6 САЙЛАУ ОКРУГІНЕН
АУДАНДЫҚ МӘСЛИХАТ
ДЕПУТАТТЫҒЫНА ҮМІТКЕР
Ел сенімін ақтау -
парыз және міндет.**



**ТОРТАЕВА
ҮМІТ БАҚТЫБЕКҚЫЗЫ**

АУДАНЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

-Ерекше қажеттілігі бар азаматтардың жұмыссыздығы;

-Әлеуметтік аз қамтылған отбасыларды қолдау;

-Ауылдардағы көгалдандыру және санитарлық тазарту жұмыстары;

-Ауылда интернет жүйесінің нашарлығы;

-Ауыл инфроқұрылымының тозығы жетуі.

ҮМІТКЕРДІң САЙЛАУ АЛДЫНДАҒЫ УӘДЕЛЕРІ

-Елтай және Жастар ауылының ерекше қажеттілігі бар азаматтарды әлеуметтік жобалар арқылы жұмыспен қамтуға атсалысамын;

-Елтай және Жастар ауылындағы әлеуметтік аз қамтылған отбасыларға қолдау көрсетуге, олардың тұрмыстық деңгейін көтеруге ықпал етемін;

-Елтай және Жастар ауылдарындағы елді мекендерді санитарлық тазарту, көгалдандыру және абаттандыру жұмыстарын өз деңгейінде жүргізуге септесемін;

-Өтенай және Жастар ауылдарындағы сапалы байланыс пен интернет жүйесін жеткізуге қолдау көрсетемін;

-Елтай және Жастар ауылдарындағы инфрақұрылымын жақсартуға, ауыл көшелерін жарықтандыруға, жөндеуге, жол салуға ықпал етемін.

17.12 1964 жылы Жамбыл облысы, Қордай ауданы, Кенен ауылында дүниеге келген. Алматы шет тілдер институтындағы гуманитарлық факультетін бітірді.

Жетісу облысы, Ескелді ауданы, Бақтыбай ауылындағы С.Сейфуллин атындағы орта мектебінің шет тілі пән мұғалімі

**САЙЛАУАЛДЫ БАҒДАРЛАМАСЫ
19 наурыз сайлауға кел!
Өз таңдауыңды жаса!**

БИЗНЕСТІ ҚОРҒАУ

Қолданыстағы мемлекеттік бақылау және қадағалау саласындағы заңнама бизнес субъектілерінің құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауға бағытталған бірыңғай қағидаттарды айқындайды.

А.ж. 1 қаңтардан бастап Мемлекет басшысының кәсіпкерлік қызмет саласындағы жаңа реттеу саясаты туралы тапсырмасы шеңберінде іске асырылған Кәсіпкерлік кодекстің (Кодекс) нормалары заңды күшіне енді.

Енді мемлекеттік бақылау нысаны профилактикалық бақылау, тексеру және тергеп-тексеру түрінде жүзеге асырылады.

Сонымен қатар берілген рұқсаттар мен жіберілген хабарламалар бойынша біліктілік немесе рұқсат беру талаптарының сәйкестігіне жүргізілетін тексерудің жаңа нысаны енгізілді.

Тәуекел дәрежесін бағалау негізінде ерекше тәртіп бойынша жүргізілетін тексерулер алынып тасталды, ал субъектіге (объектіге) бару арқылы жүргізілетін профилактикалық бақылау осыдан бұрын сол субъектіге бармай жасалған жағдайда жүргізілетін болады.

Жоспардан тыс тексерулерді тағайындаудың негіздері 13-тен 8-ге дейін қысқарды (бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы талаптарға сәйкестігін тексеру және профилактикалық бақылау нәтижесінде анықталған бұзушылықтарды жою туралы нұсқамалардың орындалуын бақылау, жеке және заңды тұлғалардың, мемлекеттік органдардың өтініштері, прокурордың тапсырмалары, қайта тексеру, қылмыстық іс жүргізу және салық заңнамаларының негіздері жатады).

Барлық енгізілген жаңа нормалар Кодекстің 13-тарауына сәйкес реттеледі.

Сондай-ақ тексерулерді есепке алу мен тіркеудің барлық процесі «Тексеру субъектілері мен объектілерінің бірыңғай тізілімі» (ТСОБТ) ақпараттық жүйесінде цифрландырылған, ол тіркеу сатысында бизнесті заңсыз тексерулерден қорғауды, сондай-ақ мемлекеттік бақылау мен қадағалаудың ашықтығын қамтамасыз етеді.

Барлық қызықтыратын мәселелер бойынша, оның ішінде тексеруші мемлекеттік органдар тарапынан заңсыз әрекеттер туралы өтініштермен Бас прокуратураның бірыңғай байланыс орталығына (телефон-115), Басқармаға 87282 24 11 38 телефоны арқылы хабарласуға болады.

Сонымен бірге, кез келген кәсіпкер Комитеттің «www.qamqor.gov.kz» ақпараттық порталында немесе «Qamqor» мобильді қосымшасы арқылы тексерістің тіркелуін көре алады.

Мобильді қосымшаның көмегімен кәсіпкерлер алдағы тексерулер туралы хабарламаларды алуға, онлайн режимде шағым беруге мүмкіндігі бар. Осындай мәліметтер болмаған жағдайда, кәсіпкердің тексерушілерге тексеру жүргізуге жол бермеу құқығы бар.

**ЖЕТИСУ ОБЛЫСЫ
ЕСКЕЛДІ АУДАНЫ
№8 САЙЛАУ ОКРУГІНЕН
АУДАНДЫҚ МӘСЛИХАТ
ДЕПУТАТТЫҒЫНА ҮМІТКЕР
Баршаға бірдей
мүмкіндік береміз!
ҚҰСМОЛДАНОВА СӘУЛЕ
РЫСПЕКҚЫЗЫ**

АУДАНЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

-Ауыл тұрғындарының денсаулығы;

-Ауылдағы білікті кадрлардың болмауы;

-Ауылдық денсаулық сақтаудың материалдық-техникалық базасы

-Ауыл тұрғындарының скринингтік зерттеулерін жүргізу

ҮМІТКЕРДІң САЙЛАУ АЛДЫНДАҒЫ УӘДЕЛЕРІ

-Салауатты өмір салтын ұстану арқылы ауыл тұрғындарының денсаулығын жақсарту.

-«Дипломмен ауылға» бағдарламасы бойынша кем дегенде 300 жас мамандарды тартуға.

-Ауылдық денсаулық сақтаудың материалдық-техникалық базасын жақсарту.

-Қатерлі ісік ауруларын алды алу, анықтау үшін скринингтік тексеруден өткізу.

1969 жылы 11 ақпан Жетісу облысы, Қаратал ауданы, Үштөбе қаласында дүниеге келген. Семей мемлекеттік медицина институтынан емдеу ісі мамандығын бітірген. Ескелді аудандық орталық ауруханасының директоры.

**САЙЛАУАЛДЫ БАҒДАРЛАМАСЫ
19 наурыз сайлауға кел!
Өз таңдауыңды жаса!**



ДАРА ТҰЛҒА - АЛТАЙ НҰРҒАЛИҰЛЫ!

ДАРА ТҰЛҒА, ДАРА ЖОЛ ДЕГЕН ҰҒЫМДАР ЖАЛПЫ АЛҒАНДА ҚАНДАЙ ДА БІР АДАМНЫҢ ЖЕКЕ ТҰЛҒА РЕТİNДЕ ЕРЕКШЕЛІТІН БІР ҚАСИЕТТІН НЕМЕСЕ ҚАЙТАЛАНБАС ЖЕТІСТІК ШЫҒЫН БАҒЫНДЫРА БІЛІП ДАРАЛЫҚҚА АПАРАЖ ЖОЛЫН АЙТУҒА БОЛАДЫ. ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ТҰРҒЫДАН АЛҒАНДА ӘРБІР АДАМ ӨЗІНШЕ ДАРА ТҰЛҒА ЖӘНЕ ӨЗІНІҢ ДАРА ЖОЛЫ БАР. ДЕГЕНІМЕН ҚАЗАҚ ҚОҒАМЫ ҰҒЫМЫНДА ДАРА ТҰЛҒАНЫҢ ДАРА ЖОЛЫ ДЕП ҰЛЫ ТҰЛҒАЛАРДЫ, ЕЛ ТАРИХЫНДА ӨЗ ОРНЫ БАР, КЕЙІНГІ ҰРПАҚҚА ҰЛГІ БОЛАР ЖАНДЫ ДАРАЛАП, ЕРЕКШЕЛІТІНІ БЕЛГІЛІ. БҮГІНГІ МАҚАЛАМА ОСЫ ЕРЕКШЕ ДАРАЛЫҒЫМЕН ЕРЕКШЕ ШЕЛЕНГЕН, ХАЛҚЫМНЫҢ БІРІ БІЛСЕ, БІРІ БІЛМЕЙТІН АЛТАЙ АҒА ЖАЙЛЫ. «ӨМІР - ТЕҢІЗ, ЖҮЗЕМ ОНДА ДЕМЕҢІЗ, ІЗГІЛІКТЕН ЖАСАЛМАСА КЕМЕҢІЗ.»-ДЕП БЕКЕР АЙТЫЛМАҒАН. СЕНДЕ БІР КІРПІШ ДҮНИЕНІҢ, КЕТІПІН ТАП ТА БАР ҚАЛАН. ӨЗ КІРПІШІН ТЕРЕҢІНЕН ҚАЛАҒАН АЛТАЙ НҰРҒАЛИҰЛЫ 1954 ЖЫЛЫ 10 МАМЫРДА ГВАРДИЯ АУДАНЫ АРАПТӨБЕ САВХОЗЫ ШҰБАР АУЫЛЫНДА ҚАРАПАЙЫМ, ӨНЕГЕЛІ, ОТБАСЫНДА ДҮНИЕГЕ КЕЛГЕН. ЖЕТІ АҒАЙЫНДЫ. ӨКЕСІ СОҒЫС АРДАГЕРІ. АТЫ ЖАМАН СОҒЫСТЫҢ АРҚАСЫНДА БАУЫРЫНЫҢ ҚОЛЫНДА ТӘРБИЛЕНГЕН. «ӨМІР - ОЛ ҮЛКЕН ЖОЛ. ӨМІР АДАМҒА БІР - АҚ РЕТ БЕРІЛГЕН ҮЛКЕН СЫЙ. ӨМІРДІҢ МӘНІ АДАЛДЫҚ, АДАМДЫҚТА. ӨМІР АРНАСЫ КЕҢ ӨЗЕН, СОЛ ӨЗЕННЕН ӨЗ АРНАМЫЗДЫ ТАУЫП АЛУ ӨЗІМІЗГЕ МАҚСАТ ҚОЯ БІЛЕМІЗ БЕ? ӨМІР - АРПАЛЫС, КҮРЕС.»-ДЕП ӨЗ СӨЗІН БАСТАДЫ АЛТАЙ НҰРҒАЛИҰЛЫ. ӨЗИ ТУЫП ӨСКЕН АУЫЛЫНАН МЕКТЕБІН ЖАҚСЫ АЯҚТАП, ТАЛДЫҚОРҒАН ҚАЛАСЫНДАҒЫ ЗООТЕТИНАРНИЙ ТЕХНИКУМҒА ОҚУҒА ТҮСЕДІ. АТАЛҒАН ОҚУ ОРНЫНДА ДА ҚОҒАМДЫҚ, СПОРТТЫҚ ШАРАЛАРҒА БЕЛСЕНЕ ҚАТЫСЫП, ОҚУЫН ОЙДАҒЫДАЙ ТӘМӘМДАЙДЫ. ЖАСТАЙЫНАН СПОРТҚА БЕЙІМ АЛТАЙ НҰРҒАЛИҰЛЫ, КҮРЕС, ФУТБОЛ, ВОЛЕЙБОЛ ЖАЛПЫ АЙТҚАНДА СПОРТТЫҢ ҚАЙ ТҮРІ БОЛМАСЫН ЖҮЛДЕЛІ ОРЫНДАРҒА ИЕ БОЛҒАН. ӨНЕРГЕ ДЕ БЕЙІМ.

-Алтай Нұрғалиұлы өмір деген сіз үшін не?

- Бұл сұраққа әркім әртүрлі жауап береді анық. БІРЕУЛЕРГЕ СЫНАҚҚА ТОЛЫ АРПАЛЫС, АЛ ЕНДІ БІРІНЕ ҮЛКЕН БАҚЫТ. ӨМІР ДЕГЕН НЕ ДЕСЕ МЕНІҢ ОЙЫМА МҰҚАҒАЛИ

МАҚАТАЕВТИҢ МЫНА БІР ӨЛЕҢ ШУМАҚТАРЫ ОЙЫМА ОРЛАДЫ:

**ӨЗИҢЕ-ӨЗІҢ ЖҮК АРТЫП,
ӨМІР ДЕГЕН- ТЕР ТӨҒУ.
БІР НӘРСЕГЕ ҚҰМАРТЫП,
БІР НӘРСЕДЕН ЖЕРКЕНУ.**

**БІРЕУЛЕРДІ АЛДАУ ДА,
БІРЕУЛЕРДЕН АЛДАНУ.
ҚОР БОП ӨТПЕЙ ЖАЛҒАНДА,
ҚОЛДАН КЕЛСЕ, ЖАН БАҒУ.**

**КЕЙДЕ ШАЛҚЫП ШАРУАМ,
КЕЙДЕ ҚАШЫП БЕРЕКЕМ,
ӨМІР ДЕГЕН- ЖАНЫМ-АУ,
ӨЗІМ ЕКЕМ, МЕН ЕКЕМ...**

МІНЕ, МЕНДЕ ӨЗ ӨМІРІМДЕ ӨЗІМ КҮРЕСТІМ. МЕН ӨСІП –ӨНЕТІН КЕЗ ҚИЙЫН БОЛДЫ. ОҚУҒА ТҮСУ ДЕ, АЛҒА ҚАРАЙ ҰМТЫЛУДА ҚИЙЫН. ИӘ, БҮЛ ӨМІРДЕ АҚ ПЕН ҚАРА,ЖАҚСЫЛЫҚ ПЕН ЖАМАНДЫҚ,ҚАТЫГЕЗДІК ПЕН МЕЙІРБАНДЫҚ ҚАТАР ЖҮРЕДІ.КЕЙБІР ЖАНДАР ҮШІН ӨМІРІНДЕГІ ҚИЙЫНДЫҚТАР ӨЗДЕРІН ҚАЙРАЙ ТҮССЕ, АЛ КЕЙБІРІН ОСЫ ҚИЙЫНДЫҚТАР СЫНДЫРЫП ЖІБЕРЕРІ ХАҚ. АЛАЙДА ӨМІР ДЕГЕН ЖАРАТУШЫМЫЗДЫҢ БІЗГЕ БЕРГЕН ҰЛЫ СЫЙЫ. ӨМІРДІ БІЗГЕ СЫЙ ЕТІП БЕРГЕН АЛЛАНЫҢ ӨМІРДЕГІ ҚИЙЫНДЫҚТАРДЫ ДА ЕҢСЕРУГЕ КӨМЕКТЕСЕТІНІН ЕСТЕН ШЫҒАРМАҒАН ЖӨН.

-ЖЕКЕ ҚАСИЕТТЕРГЕ БАЙЛАНЫСТЫ МАМАНДЫҚ ТАҢДАУДЫ ҚАЛАЙ ТҮСІНЕСІЗ?

- ӨМІРДЕ МАМАНДЫҚ ПЕН ЖАР ТАҢДАУ ЕҢ МАҢЫЗДЫ МӘСЕЛЕ ЕКЕНІН ЖАҚСЫ БІЛЕМІЗ. БАЛА КІШКЕНЕ КЕЗІНЕН НЕМЕН ОЙНАП, НЕГЕ ҚЫЗЫҚСА, ӨСКЕНДЕ ДЕ СОЛ МАМАНДЫҚҚА ҚАРАЙ БАҒЫТ АЛАДЫ. АЛАЙДА БАЛАСЫНЫҢ БОЛАШАҒЫНА АЛАҢДАП, МАМАНДЫҚТЫҢ ТАБАР ТАБЫСЫН ОЙЛАП, ОНЫҢ ШЕШІМІНЕ ҚАРСЫ КЕЛЕТІН АТА-АНА ДА БАР. Біздің кезімізде АТА-АНА ЕМЕС, ӨЗІМІЗ БОЛДЫҚ. ӨКЕМІЗ СОҒЫСТА. Өзгенің үйінде тәрбиелену, оқу деген қиын. Ешкімнің басына бермесін. Қалаған мамандыққа түсу, ісіңмен айналысу деген болмады. Бірақ, соның арқасында өз аяғымызға адал еңбекпен, табандылықпен тұрдық. Жаман болмадық. Оқыған мамандығымызды жетік меңгердік. Қазіргі таңда мен оқыған, яғни малды қолдан ұрықтандыру мамандығына деген сұраныс көп. Себебі тірліктің көзі, жан бағудың таптырмас бөлігі. Мал асырамайды деген адам жоқтың қасы. Ежелден АТА-БАБАМЫЗ МАЛДЫ КІСЕ КИІМ, ІШСЕ СУСЫН, ЖЕСЕ ЕТ, МІНСЕ КӨЛІК БОЛҒАН.

-Жасанды Жолмен ұрықтандыруды түсінуге болады?

-Ұрықтандыру, қолдан күйлеген аналық малдың қынабына аталықтың ұрығын қолдан жіберу, яғни қолдан ұрықтандыру. Ұрықтандыру мал

шаруашылығы саласындағы ірі жетістік болып табылады. Ұрықтандыру арқылы жоғары өнімді асыл тұқымды аталық ұрығымен бір кезеңде көптеген аналық малды ұрықтандырып, бір жылда оған тартқан мындаған төл алып, нәтижелі тұқымдық асылдандыру жұмысын жолға қоюға болады. Ұрықтандыруда аталық мал ұрығының сапасын алдын ала тексеріп, түрлі жыныс ауруларына жол бермеуге жол ашылады. Ұрықтандыруды жүргізу үшін қажетті құрал-жабдықтар мен ол істі жете меңгерген білікті маманы болуы керек. Ол әр мал түлігінен ұрық алып, сақтап, бөліп, онымен күйлеген малды шебер ұрықтандыра білуі керек.

-Дамуы қалай?

- Жалпы, халқымыздың өмір бақиғы тіршілік көзі болған мал шаруашылығы Қазақстандағы ауыл шаруашылығының негізгі салаларының бірі болып есептеледі. Ауыл шаруашылығының бұл саласының бірден-бір ерекшелігі жыл бойы өнім өндіруге бағытталғандығы. Мал шаруашылығы халықтың жылдың төрт мезгілінде ет-пен, сүтпен және маймен, ал өндірісті – жүнмен, мал терісімен, т.б. қамтамасыз етеді. Сала екі бағытта өркендейді;



оның біріншісі жылдам өркендеу – сүт пен етті ірі қара мал, шошқа және құс шаруашылығы, екіншісі жайбарақат көркендеудегі жайылым мал шаруашылығы – оған қой, түйе, жылқы және ешкі шаруашылықтары. Сондықтан да, мал шаруашылығын өркендету жолдарын таңдағанда мал өнімдерін өндірудің бағытын ең алдымен есепке алған жөн.

- Мал тұқымын асылдандыру жұмыстарының маңыздылығы?

- Мал тұқымын асылдандыру адам тілегіне сай жақсарту, оның өнімділігін еселеп арттыру – ғылым мен озат тәжірибенің табыстарына сүйенеді. Малдың қай түрі болмасын бірқалыпта тұрмайды; ол азықтандыру, бағып-күту және асылдандыру жұмысын ұйымдастыру дәрежесіне байланысты қашанда өзгеріп отырады. Осыған сәйкес оның түрлі қасиеті мен өнімі де неше алуан құбылады. Мал тұқымын жақсарту, оның шаруашылық маңызы бар қасиеттерін ілгері дамыту – адам қолында. Асылдандыру жұмысы дұрыс ұйымдастырылған шаруашылықтарда малдың өнімділігі ешқанда төмендемейді, қайта жыл сайын артуда болады. Малды тиісті дәрежеде іріктеп сұрыптау үшін ол сыннан өтеді, әрбір бас мал есепке алынады, оның түрлі

қасиеттері зерттеледі. Мал үзбей ұйымдастырылған тұқым



тұқымын асылдандыру жұмысы өте ауыр және ұзақ жұмыс, кейде оның нәтижесі бірден көзге түсе қоймайды. Малды жік-жікке бөліп, сұрыптау, оның әрбіреуіне таңба салу немесе құлағына сырға тағу, тағы сол сияқты оның тұқымын асылдандырумен байланысты жұмыстардың бірқатары мал мал шаруашылығындағы кейбір

асылдандыру жұмысы жемісті табысқа жеткізбей қоймайды.

-Алтай Нұрғалиұлы сіз осы күнге дейінгі тәжірибеңізбен бөліссеніз?

- Мен еңбек еткелі жарты ғасырдың жүзі болды. Жылысы да суығы да өтті. Жұмысқа деген жалқаулық, салғырттық сезім болмады. Бастаған істі тастама дейміз бе? Әрбір бастаған ісімнің оң нәтижесін шығаратынымын. Жасанды жолмен малдарды ұрықтандыру қиын да қызық. Жалпы бұл ғана қиын мамандық емес. Әрбір іс өз алдына қызық та шыжық. Сақтық, ұқыптылықты қажет етеді. Өз басым осы күнге бір талай малды ұрықтандырдым. Нәтижесін берді. Атқарған ісіме халық дән риза. Осы салаға байланысты халықтың да сұрауы көп. Өкіметтен қолдау болса, жақсы мамандарды даярласа деген. Тегін ұрықтандыруды қолға алса, нұр үстіне нұр болар еді. Көп жастарға қол ұшын беріп, үйреттім. Әлі де, үйретудемін. Үйретініш деген кісілерге де қарсылығым болмады. Кабинет ашып, өз зертханамды да жасап қойдым. Келіп көріп, жұмыс жасап үйренем дегенге есігім ашық.

Бүгінде Байчапанов Алтай Нұрғалиұлы Ескелді ауданының білікті, білімді, дара қайраткер азаматы. Ескелді аудандық тұрғындардан сол кісі жайлы сұрай қалсаң, қолы алтын кісі деп бастай кетеді сөздерін. Халықтың алғысына бөленген Алтай аға Қарабұлақ ауылдық әкімдігінен кабинет ашып, зертханалық жұмыстарын жасауда. Кабинетін өзіне ыңғайлап безендіріп, керекті құрал-жабдықтарын да жасап қойған. Кабинетіне кіргеннен бастап, өзі бастаған еңбек жолының тарихы тұр. Құдды бір музейге кіргендей боласың. Жаны жомарт, жүрегі кең, өз ісіне адал Алтай Нұрғалиұлы Мәрия Жексейтқызы мен төрт бала тәрбиелеп, қызын қияға, ұлдарын ұяға қондырған үлгілі отбасы. Ұлдары мен қызынан немере сүйген асыл әже мен ардақты ата. Жақсының жақсылығын айт нұры тасысын дейді. Бүгінгі күнге дейін ауданның көркейуіне, ауыл шаруашылығының дамуына үлкен үлесін қосуда. Зейнетте болса да, жатпай біліп-түйгенін кейінгі буынға үйретуде. Дара жолыңызға толағай табыс, отбасыңызға амандық тілейміз.

Сұхбаттасқан: Арай Әділ



**ЖЕТИСУ ОБЛЫСЫ
ЕСКЕЛДІ АУДАНЫ
№9 САЙЛАУ ОКРУГІНЕН
АУДАНДЫҚ МӘСЛИХАТ
ДЕПУТАТТЫҒЫНА ҮМІТКЕР
Тәртіп орнатамыз!**



**ҚҰРМАНҒАЛИ
ШЫНАР БОЛАТҚЫЗЫ**

АУДАНЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

- ауыл инфроқұрылымының тозығы жетуі;
- ауылдағы газ, су жүйелерінің тозуы;
- ауылдағы балабақшаның ескіргені;
- электр желілерінің тозуы.

ҮМІТКЕРДІ САЙЛАУ АЛДЫНДАҒЫ УӘДЕЛЕРІ

- Ауылдың жылу желілері құрылысының аяқталуына ықпал етемін;
- Ауылды газбен, жабдықтауға ықпал етемін;
- Ауылдағы балабақшаны күрделі жөндеуден өткізуге атсалысамын;
- Ауылдардың елді мекендерінде түнгі көшелерді жарықтандырудың коммуналдық электр желілерін жаңғыртуына атсалысамын;

САЙЛАУАЛДЫ БАҒДАРЛАМАСЫ

**19 наурыз сайлауға кел!
Өз таңдауыңды жаса!**

**ЖЕТИСУ ОБЛЫСЫ ЕСКЕЛДІ
АУДАНЫ
№9 САЙЛАУ ОКРУГІНЕН
АУДАНДЫҚ МӘСЛИХАТ
ДЕПУТАТТЫҒЫНА ҮМІТКЕР
Заң мен тәртіп орнатамыз!**



**НҰҒМАНОВ
ЕРҒАЛИ БАЙОРАЗҰЛЫ**

АУДАНЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

- ауыл арасындағы автомобиль жолдарының тозуы;
- ауыл инфроқұрылымының тозығы жетуі;
